

## "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 299 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 қарашада № 3408 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің  
16.05.2016 № 136 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
Д.А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Облыс әкімі

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышиев

Е.Айтаханов

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

Б.Атамқұлов

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2015 жылғы  
5 қазандагы № 299 қаулысына  
қосымша

**"Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы"  
" мемлекеттік мекемесінің**

**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәulet және қала құрылышы басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, пошталық индексі 160032, Шымкент қаласы, Қаратай ауданы, Астана даңғылы № 10.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Оңтүстік Қазақстан облысында сәулет және қала құрылышы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, орталық атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін орындауды ұйымдастыру, "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімінің шешімдерін, өкімдерін және облыс әкімдігінің қаулыларын орындауды қамтамасыз ету;

2) аумақтарда қала құрылышын жобалаудың (облысты немесе оның бір белгін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру.

16. Функциялары:

1) халқының есептік саны жұз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

2) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылышын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат макұлдаған, халқының есептік саны жұз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларын облыстық мәслихаттың бекітуіне енгізу үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

3) облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына келісім беру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

4) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де қала құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

5) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыш жобаларын) бекіту және іске асыру үшін ұсыныстарды әзірлеу;

6) халқының есептік саны бір жұз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;

7) облыстық мәслихат макұлдаған халқының есептік саны жұз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

8) облыстық мәслихатқа Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қарамағындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің шекараларын белгілеу немесе өзгерту жөнінде қала құрылышынан туындастырын факторларға байланысты ұсыныстар енгізу үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

9) облыс аумағында сәулет-құрылыш бақылау мен қадағалау мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

10) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

11) "Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру" мемлекеттік қызметті көрсету;

12) "Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру" мемлекеттік қызметті көрсету;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының

заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 01.03.2016 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өзіне жүктелген міндеттері мен функциялары шегінде шешімдер қабылдау;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен жеке және заңды тұлғалардан күжаттарды және ақпаратты сұратып алу;
- 3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен мәселелерді қарau;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы бағынысты мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекеменің жарғысын әзірлеу;
- 5) "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы бағынысты мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекеменің қызметіне ішкі бақылау жасау.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысы сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және ведомствоның бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын тағайындауды және қызметтерінен босатады.

3) сенім хат береді;

4) заңнамалармен, облыс әкімі мен әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

"Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықтайды.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**"Оңтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы сәулет және қала құрылышы басқармасының "Сәулеттік бюро" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК